

« Айда» бала-бақшасы» ЖШС №1 педагогикалық кеңес мәжілісі хаттамасы

Тақырыбы: « Жаңа оқу жылына дайындығы»

Мақсаты: Балабақшадағы оқу тәрбие жұмысының жоспарларын талқылау, бекіту жаңа оқу жылына қойылған мақсат міндеттерді айқындап бекіту.

29.08.2024 ж

Қатысушылар: 7

Қатыспағандар :0

Күн тәртібі

1. Педагогикалық кеңес құрамын қайта бекіту, хатшы сайлау
2. 2024-2025 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хаттың мазмұнын талқылау
3. Балабақша жұмысының жылдық жоспарын бекіту, топ тәрбиешілерінің перспективалық жоспарын, оқу жоспарын, күн тіртібін, ұйымдастырылған іс-әрекет кестесін бекіту.
4. Ағымдағы мәселелер
 - 1) жазғы сауықтыру жұмысының қортындысы
 - 2) Топтар мен оларға жауапты тәрбиешілерді бекіту

Күн тәртібіндегі қаралатын мәселелер бойынша балабақша әдіскері Ахметжанова Арайлым таныстырды. Әдіскер жаңа оқу жылының педагогикалық кеңес құрамын қайта бекіту туралы ұсыныс тастады.

Балабақша меңгерушісі М.Қабылбек ұсынды, хатшылыққа армыздан бір педагогті сайлауға кімді ұсынатындықтарын сұрады.

Сөз алушы: Мейрбекова Разида тәрбиеші Кантуреева Дидарды ұсынды. Дидар өте тәжірибелі маман жұмысына ұқыпты, берілген тапсырманы уақтылы орындайтынын айтып өтті, бұл ұсынысқа бір ауыздан мақұлдап келсімдерін барлық педагог білдірді.

Екінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі М.Қабылбек сөз алып, бйылғы оқу жылына арналған әдістемелік нұсқаулық хаты барлығыңыз оқып танысқан боларсыздар, ал біздің жұмысымызды жүйелі үйлестіру үшін әдістемелік нұсқау хатта көрсетілген өзгерістерді өз тәжірибемізге енгізуіміз керек, биылғы нұсқау хатта көрсетілгендей ертеңгіліктердің форматын өзгертіп, байқау, көрме, т.б формада өткізу керектігін айтып өтті, сонымен қатар экологиялық тәрбиеге баса назар аудару, баланы жастайынан табиғатты қорғау, лаस्ताу керетігін бала бойына сіңіріуіміз керектігін айтып өтті.

Үшінші мәселе бойынша балабақша жылдық жоспары мен, топ тәрбиешілерінің перспективалық жоспарын, оқу жоспарын, күн тіртібін, ұйымдастырылған іс-әрекет кестесін бекітілді.

4. Ағымдағы мәселелер бойынша балабақша әдіскері сөз алып жаз мезгіліндегі атқарылған жұмыстардың орындалуы бойынша хабарламасы тыңдалды.

Топтардың жас ерекшеліктері анықталып, топ құрылды және оған жауапты тәрбиешілер бекітілді.

Педагогикалық кеңестің шешімі:

1. Педагогикалық кеңес құрамын қайта бекітіліп, хатшылыққа Д.Кантуреева сайлансын.
2. 2024-2025 оқу жылына арналған әдістемелік хаттың мазмұнын ескере отырып жұмыстар жүргізілсін
3. Балабақша жұмысының жылдық жоспары, топ тәрбиешілерінің перспективалық жоспары, оқу жоспары, күн тіртібін, ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі бекітілсін.
4. Ағымдағы мәселелер талқыланып, топтарға жауапты мамандар бекітілсін

Жиналыс төрайымы :

Хатшы :



М.Қабылбек

Д.Кантуреева

« Айида» бала-бақшасы» ЖШС №3 педагогикалық

кеңес мәжілісі хаттамасы

Тақырыбы: Балабақшада салауатты өмір салтын қалыптастыру

Мақсаты: Балалардың өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру

05.11.2024 ж

Қатысушылыар:7

Қатыспағандар :0

Күн тәртібі

- 1.№1 педкеңестің шешімдерінің орындалуы
2. «Балабақшада балалардың дене бітімінің жан – жақты дамуына жағдайлар туғызу» тәжірибе алмасу.
3. «Мектепке дейінгі білім беру ұйымында денсаулық сақтау технологияларын қолдану және мектеп жасына дейінгі балалардың салауатты өмір салтын қалыптастыру» баяндама
4. Кезекті Мемлекеттік атестаттау

Күн тәртібіндеге қаралатын мәселелер бойынша балабақша әдіскері А.Ахметжанова таныстырды. Бүгінгі педагогикалық кеңеске топ тәрбиешілері өздерінің іс тәжірибесімен бөлісу үшін сіздерге баланы жан-жақты дамыту үшін не қажетті, ол бірінші құнарлы тамақ және танертеңгілік жаттығу, серуен кезіндегі ойындар екені белгілі, сондықтан сіздер мен топ тәрбиешілері өз тәжірибелерімен бөліседі деп сөзін аяқтады.

Топ тәрбиешілері өз тәжірибелерімен шебер сыныптар, презентация арқылы көрсетіп, тәжірибелерімен бөлісті.

«Мектепке дейінгі білім беру ұйымында денсаулық сақтау технологияларын қолдану және мектеп жасына дейінгі балалардың салауатты өмір салтын қалыптастыру» тақырыбында ересектер тобының тәрбиешісі Кантуреева Дидар баяндамасын ұсынды.

Пікір: психолог Досымова Айгерім баяндам өте құнды деп есептеймін, оның құндылығы тәрбиеші, денсаулық сақтау технологиясын қолдануды жан –жақты аша білген.

Пікір: Амангелді Гаухар –кіші топ тәрбиешісі мен баяндаманы тыңдару барысында көптеген әдіс-тәсілдерді қалай ұйымдастырылған іс-әрекетте тиімді қолдануды түсіндім, алдағы уақытта тамыз кеңесіне оқуды ұсынамын деп сөзін аяқтады.

Балабақша меңгерушісі М.Қабылбек өз алып, наурыз айында балабақшамз мемлекеттік атестаттаудан өтетінін, сайтқа 3 жылдық құжаттарды ұсыну керектігін айтты. Атестаттауға әдіскер А.Ахметжанованы жауапты етіп тағайындады

Педагогикалық кеңес шешімі:

1. №1 педкеңестің шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық деп есептелсін.
2. «Балабақшада балалардың дене бітімінің жан – жақты дамуына жағдайлар туғызу» тәжірибе алмасу күнделікті жүргізілсін
3. «Мектепке дейінгі білім беру ұйымында денсаулық сақтау технологияларын қолдану және мектеп жасына дейінгі балалардың салауатты өмір салтын қалыптастыру» баяндама тамыз кеңесіне ұсынылсын.
4. Мемлекеттік аттстаттауға 3 жылдық құжаттар ұсынылсын, жаупты әдіскер А.Ахметжанова бекітілсін.

Жиналыс төрайымы :

Хатшы :



М.Қабылбек

Д.Кантуреева

« Айда» бала-бақшасы» ЖШС №3 педагогикалық

кеңес мәжілісі хаттамасы

Тақырыбы: Тәрбиеленушілердің қарым-қатынас дағдысы

Мақсаты: Тәрбиеленушілердің коммуникативтік, әлеуметтік, когнитивтік дағдыларын қалыптастыру

06.01.2025 ж

Қатысушылар: 7

Қатыспағандар :0

Күн тәртібі

- 1.№2 педкеңестің шешімдерінің орындалуы
2. «Мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру» баяндама
3. «Мектеп жасына дейінгі балаларға әлеуметтік дағдылары игертудің жолдары» (кеңес)
4. Үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеру бойынша аралық даму мониторингі

Күн тәртібіндеге қаралатын мәселелер бойынша балабақша әдіскері Ахметжанова таныстырды. Педагогикалық кеңесті «Ассоциацияланған сөз» ойынымен бастаы .Онда тәрбиешілер «Балабақша», «Отбасы» , «Табиғат», «Денсаулық» сөздеріне ассоциацияланатын сөздерді тапты.

Әдіскер өткен педагогикалық кеңестің шешімін орындалуына тоқталып өтті, өткен педагогикалық кеңесте «Тәрбиеленушілердің қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, эмоционалдық, әлеуметтік, когнитивтік дағдыларын қалыптастыру» мақсатында ойындар өткізу және оны бейне материал жасап бір-бірімен тәжірибе алмасу керектігі туралы тапсрма берілген еді, нәтижесінде барлық тәрбиешілер тапсырманы орындады.

Келесі сөзді баяндамашы Мейрбекова Разидаға берілгендігін және Мейрбекова Разида «Мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру» баяндамасын ұсынды.

Пікір : ересектер тобының тәрбиешісі Кантуреева Дидар баяндамашыға қоятын сұрағын айтты,баланың коммуникативтік дағдысын дамыту бойынша қандай ұлттық ойын түрлерін қолданасыз? Мейрбекова Разида «Ханталапай», «Бестас» және де көптеген ойын түрлерін атады.

Пікір: Юсупова Малика –ортаңғы топ тәрбиешісі мен баяндаманы тыңдау барысында көптеген әдіс-тәсілдерді қалай ұйымдастырылған іс-әркетте тиімді қолдануды түсіндім баяндамашыға рақмаметімді айтамын деп сөзін аяқтады.

